



оқыды. Одан кейінгі оқығаны Сапарғали Бегалиннің “Бала Шоқан” повесі. Бұл кітаптар талапкер баланың ойын өрістетіп, жан-дүниесін астан-кестен қылды! Жазушы болсам деген арман-максатын ұштады.

Қараталдың бойында, Балқаш көлінің жағасында туып-өскендіктен болар, Жөкеңнің бүкіл шығармаларының алтын тіні – теңіз тынысы, балықшылар өмірі. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, халық жазушысы Шерағаң – Шерхан Мұртаза: “Лондонда, Парижде жүрсем де, түсіме Мыңбұлағым кіреді” демекші, жазушы Жанат Елшібек те күні бүгінге дейін, сонау-сонау артта қалған балдәурен балалық шағын, жалаң аяқ жүгірген туған ауылын, буырқанған Балқаш көлін түсінде жиі көреді.

сың ба? Екі көзін бірдей қызарып тұр ғой...”

(“Қош бол, теңіз...” 19 бет. Повестер мен өңгімелер. “Елорда”. Астана. 2001).

Аталмыш хикаяттағы Саяттың прототипі жазушының өзі. Онда туған жер тағдыры, қазіргі ауыл ахуалы, Балқаш балықшыларының қым-қуыт тіршілігі мен жалпы көлдің экологиялық жағдайы бас кейіпкер бала Саяттың көзімен өсерлі бейнеленген.

ҰСТАЗСЫЗ ШӘКІРТ ТҮЛ

Жөкеңнің ұстазы Базарқан Ыбыраев деген мұғалім болды.

Нағыз бала бағбаны, нағыз ұстаз сол кісілер еді-ау!

Ал михнаты мол қаламгерліктегі ұстаздары Сейдахмет Бердіқұлов, Шерхан аға Мұртаза мен Фариза апай Оңғарсынова.

дың көбі, оқырмандарды тапқырлыққа баулитын, қабілеттерін арттыратын сөз – жұмбақтарды тұрақты беріп тұрады.

Жөкеңнің 1981 жылы “Жалын” баспасының танымдық ойындардың басын біріктірген “Сен білесің бе?” деген кітабы шықты. Ол жинақ республикамыздағы мектеп-мектептерге тарап кетті. Кейбір жерлерде сол танымдық туындылар кештерде пайдаға асып жүр. Ал 1991 жылы “Өнер” баспасынан “Зерек” деп аталатын танымдық ойындар өлемінде деген кітабы шықты. Қазір де өзі еңбек ететін “Егемен Қазақстанда” алты жыл бойына таным клубын жүргізіп келеді.

ДОСТАР, ДОСТАР...

Адам үшін достың орны бөлек. Сол үшін де қазақта “Доссың адам, есексіз қайық” деген мақал бар. “Сенін кім

“ҰЛАННАН” ҰШҚАН ТАСТҮЛЕК

Жазушы, журналист Жанат Елшібеков 1947 жылы 10 мамырда Алматы облысының (бұрынғы Талдықорған) Қаратал ауданындағы Қызылбалық ауылдық кеңесіне қарасты Фрунзе ұжымшарында дүниеге келген.

Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогика университетінің филология факультетінің түлегі.

Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының үш мәрте лауреаты. Онан астам публицистикалық, танымдық-деректі, көркем-әдеби кітаптардың иесі. “Қош бол, теңіз...” повесі республикалық “Жалын” баспасының балалар мен жасөспірімдерге арналған жабық бөйгесінде жүлде алған. “Білім және өңбек” журналының лауреаты (1978).

Ж.Елшібек өзі туып-өскен “Қаратал ауданының құрметті азаматы”, Кемел Тоқаев атындағы журналистік сыйлықтың иегері. Тәуелсіздік мерекелік медалімен, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен марапатталған.

Қазір еліміздің бас басылымы “Егемен Қазақстан” газетінің жауапты хатшысы.

ТҮНҒЫШ МАҚАЛА НЕМЕСЕ АҒАЛАР АЛАҚАНЫ

Күні бүгінгідей жадында! 6-7-сынып оқып жүрген кезінде, “Пионерлерге ел риза” деген түнғыш мақаласы “Қазақстан пионеріне” (қазіргі “Ұлан”) жарқ ете қалсын!

Негізінде жазу-сызуға икемдеген анасы Төлеуғайша. Қазір жасы 85-те. Бүгінге дейін “Егемен Қазақстанға” үніліп отырғаны. Баласының барлық кітаптарын оқып шықты.

Жөкеңнің нағашы жұртында да домбыра шертіп асқақтата өн шырқаған адамдар болған. Арғы атасы Қайшыбай да қобыз тартқан. Өз әкесі Орынбай да өнерден құр алақан емес еді. Балықшылықты көсіп еткен. Жылқы баққан, Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысқан қарт майдангер Орекеңнің білімі орта болса да, ұлының тырнақалды туындыларынан бастап, қадағалап оқып жүрген. Ескі сөздерді, аңыз-өңгімелерді майын тамыза өңгімелейтін...

Сонымен, оқушы Елшібеков “Қазақстан пионеріне” бұрқырата жазып, белсенді жас тілші атанып, газеттің шағын кітапханасын жеңіп алды. Сол кезде “Қазақстан пионерінде” мүйізі қарағайдай жазушы ағалары Сейдахмет Бердіқұлов бастаған Құрманбай Толыбаев, Әміржан Қалиев, Әнуар Жапаров, Сейдін Есназаров, Рза Қунақовалар әлсін-әлсін хат жолдап, қаламыңды ұштай бер деп сенім артып, дем беріп тұратын.

Жас жеткіншектің мейманасын тасытқан жылы сөз, ағалардың аялы алақаны журналист болмақ арманын нықтай түсті.

ТҮСІНДЕ ДЕ ТЕНІЗ КӨРЕДІ

Балалық шағы жал-жал толқындары буырқанған Балқаштың жағалауында өтті. Содан ба екен, Жөкең өсершіл, романтик. Оқушы кезінде ауыл кітапханасынан шықпайтын. Ондық шамның сығырайған жарығымен кітап оқып, түн ауғанша отыратын. Атақты Жюль Верннің “Он бес жасар капитан” романынан бастап барлық кітаптарын

“ҚОШ БОЛ, ТЕНІЗ...”

“... – А-п-а!.. Апа!

Қаты шошып ояңған ол көзін аша алмай, басын жастықтың астына жасырды. Құрық бойы көтерілген күннің өткір сынық сәулесі шекесін тесіп жібергендей. Пора-пора кара суға шомылып жатыр екен. Самайынан сорғалаған бұршақ-бұршақ тер аузына да тамғанға ұқсайды. Тілінің ұшы кермек татиды. Пенде шіркінді қойсайшы, өйтеуір. Жана ғана құлындағы даусы шыға айғайлап түрегелген Саят қарқылдап күлді. Жүрегі жарылардай қуанған. “Түсім болғаны қандай жақсы?! “Шошқалы” көлдің түбіне батып бара жатыр екенмін. Қарманған қолыма бірдеңе ілінсейші. Ербек-сербек дәрменсіз күйде шынғырып жібергенмін ғой. Жағада безектеген әжеме қолымды созамын. О кісі не істесін, ағыл-тегіл жылап тұр. “Көз алдымда суға кеткенің бе, құлыным! Өкене не айтамын...”

– О, ботам, тұрдың ба? Ұйқың қанған шығар. – Ту сыртынан естілген әжесінің үні жайдары да жарқын. – Ауылдың аты – ауыл. Неткен рахат! “Ыз” еткен дыбыс жоқ. Байқайсың ба, балам? Көне, құдықтың мұздай суына жуына гөр. Сергіп қаласын. Өй, Саятжан көзің домбығып ісіп кетіпті. Көп ұйықтағандікі ме? Жок, әлде жылаған-

Абай атындағы Қазақ педагогика институтының филология факультетінде, 3-курс оқып жүрген кезінде, келешегіне үлкен сенім артып “Лениншіл жасқа” қызметке шақырған да, сол Сейдахмет аға еді.

Қазақ журналистикасының кара шаңырағы “Егемен Қазақстанда” еңбек еткеніне жиырма тоғыз жыл! Мұнда да Көркемдеу және газет безендіру, жаналық, спорт және туризм, экономика бөлімдерін басқарды. 1991 жылдан редакцияның жауапты хатшысы. Осында газеттің кара жұмысымен айналыса жүріп, әдебиетпен айналысып келеді. Ширек ғасырдан астам уақыт ішінде жүздеген журналистермен қатар жұмыс істесе, соның он бірі – бас редакторлар. Олар – Сапар Байжанов, Балғабек Қыдырбекұлы, Көрік Дүйсеєв, Әбіш Кеңілбаев, замандастары Нұрлан Оразалин, Уәлихан Қалижанов, Ержұман Смайыл.

КРОССВОРД, СКАНВОРД, ЧАЙНВОРД...

Ж.Елшібек сөзжұмбақ құрастырумен оқушы кезінен айналысып келеді. 6-сыныпта оқып жүргенде достық тақырыбына құрастырған 2 ребусы “Қазақстан пионері” газетінде жарияланды. Кейінгі жылдары 3-4 жыл қатарынан “ТОМ” (танымдық ойындар мектебі) деп аталатын алғырларға, ойшылдарға және ізденімпаздарға арналған бет жүргізді. Оны құрастырудың ережелерін жазды.

Сөзжұмбақ құрастыру – Жөкеңнің хоббиі!

Ол – үлкен өнер!

Ол – дәйім аса ыждаһаттылықпен көп еңбектенуді керек ететін кара жұмыс. Бүгінге дейін ұзын саны екі мыңға жуық танымдық сөзжұмбақтар мен ойындарды құрастырыпты. Жөкеңнің танымдық ойындары – кроссворд, сканворд, чайнворд, криптограммаларының басын қосқанда жиыны 4 том болады екен.

Кенес Одағы кезінде кроссвордты Мәскеуден шығатын “Огонек” журналы ғана жариялайтын. Кейінгі жылдары елімізде газет-журналдар көбейді. Солар-

екенінді айтайын, досыңды көрсетші”, – деген де қанатты сөз тегін айтылмаса керек. Жөкеңнің достары көп. Бала кезден бірге өскен, оқыған сыныптастары дәйім жүрегінде жүреді.

Есейді, Алматыда, университет қабырғасында, одан кейін еңбекке араласқан жылдары достарының қатары мольға түсті. Олар, елімізге танымал қаламгерлер Жақау Дәуренбеков, Ырым Кененбаев, Қайсар Әлім, Сәлім Мендібаев, Дәулет Исабеков.

ЖАЗУМЕН АЙНАЛЫСҚАНДА БАҚЫТТЫМЫН...

Қазір Жөкең екі үлкен дүниені қатар жазып жүр. Оның үзінділері баспасөз беттерінде жарияланды. Біраз оқырмандары біледі. Тақырыбы – шартты түрде “Журналистика жұмбағы” аталатын роман-эссе. Бұл кітаптың аясы кен. Газет қалай жасалады? Материалдардың орналасу тәртібі. Бөлімдегі журналистердің жұмыс стилі. Оқырман оның бәрін білмейді. Осылар туралы қалам тербемек. Шығарманың жазылуы ұзаққа созылатын сияқты. Жазылу формасы қысқа-қысқа эссе болғанымен, бірімен-бірі үндес, жалғас. Одан кейін “ауылда қалған балалық” деген повестің бастапқы парақтары қағазға түсе бастады. Ол да, Алла сөтін салса, оқырман көңілінен шығады деген ойда.

– Кейде газеттің кара жұмысынан шаршайсың. Шығармашылықпен тұрақты айналысуға уақыт жетпей жатады. Ал шығармашылықпен айналысқан шақтарда өзімді сондай бақытты сезінем, – дейді Жөкең ағынан жарыла.

ТҮЙІН НЕМЕСЕ “ҰЛАННЫҢ” ОҚЫРМАНДАРЫНА ТІЛЕК

Қашан да кішіпейіл, карапайым, ақжарқын Жөкеңмен қат-қабат жұмыс үстінде қауыштым. “Егеменнің” кезекті санының макетін сызып отыр екен. Қолы тимей жұрса да, уақыттың бөліп өңгімелесуге мұратта тапты.

– “Ұланның” барша оқырмандарына, оның ішінде қаламы жүйрік жас тілшілерге айтатыным, – деді Жөкең ойлап. – Жазушы аталары мен ағаларының шығармаларын көп оқысын! Ізденсін, талпынсын! Қазір көгілдір экран мен компьютердің заманы болғанмен де, жазу-сызу білімсіз, кітап оқымайынша өздігінен келмейді. Қысқасы, “Ұланның” оқырмандары кітапты көп оқыса екен, жәй ғана сыдыртып оқып шықпай, ынта-жігермен мына сініріп оқыса екен!

“Ұлан” жасай берсін!
“Ұлан” жасара берсін!
Оқырмандары көп болсын!

Толымбек ӘБДРАЙЫМ,
балалар жазушысы.

Суреттерде: 1. Жанат Елшібек. 2. (Солдан оңға қарай) Жанат Елшібек, суретші Рүстем Жұмақенов, журналистер Марат Аққұл, Ғабит Мүсіреп және ақын Дәуітәлі Стамбеков.

